

Г.Б. Козгамбаева\*<sup>1</sup>, А.О. Кошымова<sup>2</sup>, Л.С. Динашева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Қазақстан, Алматы қаласы  
ORCID 0000-0002-0637-5044, E-mail: [gulnar.kozgambaeva@mail.ru](mailto:gulnar.kozgambaeva@mail.ru).

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Қазақстан, Алматы қаласы  
ORCID 0000-0003-3466-2216, E-mail: [akosh.kno@gmail.ru](mailto:akosh.kno@gmail.ru)

<sup>3</sup>Халықаралық туризм және меймандостық университеті. Қазақстан, Түркістан қаласы  
ORCID 0000-0003-0831-4162, E-mail: [dinash.lyazzat@mail.ru](mailto:dinash.lyazzat@mail.ru)

## ҚАЗАҚСТАНҒА ЖЕР АУДАРЫЛҒАН ХАЛЫҚТАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ, СТАЛИН ДӘУІРІНІҢ ШЫНДЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ (ПОЛЯКТАР МЫСАЛЫНДА)

### Аңдатпа

XX ғасырдың соңғы ширегінде бұрын зерттелмей, ғылыми айналымға ене қоймаған немесе бөлшектеп қаралған тақырыптарды зерттеу қолға алынды. Сондай тақырыптардың қатарына Совет елінде өткен ғасырдың 30-50 жылдары жер аударылған халықтардың тарихи, тағдыры мен күнделікті өмірі туралы тақырыптарды зерттеу қолға алынды. Осындай тағдырдың ауыр тауқыметін бастарынан өткізген ұлттардың ішінде поляктар да болды. Республикамызға жер аударылған поляктар туралы зерттеулер ауқымды болғанымен, олардың әлеуметтік жағдайы мен деформациясы және күнделікті өмірдегі жағдайы толық зерттелмеген.

Сонымен қатар мақалада арнайы контингенттің қоныс аударуы, шаруашылық және және еңбек тәртібі, әлеуметтік жағдайы, өндірістік және қоғамдық орындардағы жұмыс мәселелері қарастырылған. Жер аударылған поляктардың жұмыс күші арнайы қоныстанған жерлерде өмір сүруі мен бейімделуінің факторы болды.

Мақалада алға қойған басты мақсат Қазақстанға жер аударылған поляктардың күнделікті өмірі Сталин дәуірінің шындықтарының бірі ретінде қарастыру. Поляктар Қазақстан аумағына жер аударылған халықтардың басым көпшілігін құрады және олардың жағдайы ауыр болды. Отанына қайтқанша аштық, түрлі індеттер, азапты ауыр еңбек, кеңес азаматтығын қабылдаудан (1943ж.) бас тартқандары репрессияға ұшырап, қамауға алынған поляктар жер аударылған басқадай ұлттар сияқты ауыр күндерді бастарынан өткерді. Мақалада Қазақстан аумағына жер аударылған поляктарды қоныстандырылған жерде бейімделудегі күнделікті өмірі мен ауыр тұрмыс тіршілігі туралы ғылыми зерттеулер, поляк азаматтары мен олардың ұрпақтарының естеліктері, баспасөз беттеріндегі және архив материалдары негізінде талдау жасалды.

**Кілт сөздер:** поляктар, республика, депортация, жазаланған ұлттар, тоталитарлық жүйе.

Козгамбаева Г.Б. \*<sup>1</sup>, Кошымова А.О. <sup>2</sup>, Динашева Л.С. <sup>3</sup>

<sup>1</sup>ҚазНУ имени аль-Фараби. Казахстан, г. Алматы, E-mail: [gulnar.kozgambaeva@mail.ru](mailto:gulnar.kozgambaeva@mail.ru)

<sup>2</sup>ҚазНУ имени аль-Фараби. Казахстан, г. Алматы, E-mail: [akosh.kno@gmail.ru](mailto:akosh.kno@gmail.ru)

<sup>3</sup>Международный университет туризма и гостеприимства город Туркестан.  
E-mail: [dinash.lyazzat@mail.ru](mailto:dinash.lyazzat@mail.ru)

## ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ ДЕПОРТИРОВАННЫХ НАРОДОВ КАЗАХСТАН, КАК ОДНА ИЗ РЕАЛИЙ СТАЛИНСКОЙ ЭПОХИ (НА ПРИМЕРЕ ПОЛЯКОВ)

### Аннотация

В последней четверти XX века началось изучение темы, которые не вошедших в научный оборот или рассмотренных как фрагментарно. К их числу относится и проблема, связанная с депортированными народами в Советской стране в 30–50 годы XX века, также повседневной жизни депортированных народов, оказавшихся в этот, период перед угрозой полной гибели. Среди национальностей, перенесших тяжкий тяжесть судьбы, были и поляки. Хотя исследования поляков, депортированных в нашу республику, обширны, но деформации и социальной судьбы и их тяжелая положение в повседневной жизни полностью не исследован.

В статье раскрыты вопросы расселения, хозяйственного и трудового устройства, социального обеспечения, производственной и общественной деятельности спецконтингента. Отмечается, что труд для депортированных поляков был фактором выживания и адаптации в местах спецпоселений.

Главная цель статьи-рассмотреть повседневную жизнь поляков, депортированных в Казахстан, как одну из реалий сталинской эпохи. Был проведен анализ повседневной жизни и тяжелой жизни поляков, депортированных на территорию Казахстана, в адаптации на новом месте на основе воспоминаний польских граждан и их потомков, научных исследований и материалов на страницах прессы. Показаны пути их использования в качестве вынужденной рабочей силы в сельском хозяйстве и промышленности. Поляки составляли подавляющее большинство депортированных на территорию Казахстана, и их состояние было тяжелым. До возвращения на родину голод, различные эпидемии, тяжелый каторжный труд, отказ от принятия советского гражданства (1943г.) поляки были арестованы и как другие депортированные этносы пережили тяжелые дни.

**Ключевые слова:** поляки, республика, депортация, тоталитарная система, наказанные нации.

*G.B. Kozgambayeva\*<sup>1</sup>, A.O. Koshymova<sup>2</sup>, L.S. Dinashva<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty.*

*E-mail: [gulnar.kozgambaeva@mail.ru](mailto:gulnar.kozgambaeva@mail.ru)*

*<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty*

*E-mail: [akosh.kno@gmail.ru](mailto:akosh.kno@gmail.ru)*

*<sup>3</sup>International University of Tourism and Hospitality of Turkestan.*

*E-mail: [dinash\\_lyazzat@mail.ru](mailto:dinash_lyazzat@mail.ru)*

## **THE DAILY LIFE OF THE DEPORTED PEOPLES OF KAZAKHSTAN, AS ONE OF THE REALITIES OF THE STALIN ERA (ON THE EXAMPLE OF POLES)**

### *Abstract*

In the last quarter of the twentieth century, there was the study of previously unexplored facts which were not included in scientific papers or merely were considered in small details. Among such issues are those related to the daily life of the deported peoples in the USSR in the 30-50s of the twentieth century, that is, about their historical fate and the painful days that they went through.

Among the nationalities who suffered the heavy burden of history were Poles. Although the studies of Poles deported to our republic are extensive, the extent of the deformation of their social fate and their miserable condition in everyday life have not yet been fully studied. The article explores the issues of settlement, economic and labor arrangements, social security, industrial and social activities of the special settlers. It is noted that labor for deported polan was a factor of survival and adaptation in places of special settlements. The main purpose of the article is to consider the daily life of Poles deported to Kazakhstan as one of the realities of the Stalin era. The analysis of the daily life and hard life of Poles deported to the territory of Kazakhstan, in adaptation to a new place based on the memories of Polish citizens and their descendants, scientific research and materials on the pages of the press was carried out. The ways of their use as forced labor in agriculture and industry are shown. Poles made up the vast majority of those deported to the territory of Kazakhstan, and their condition was severe. Before returning to their homeland, famine, various epidemics, painful hard labor, refusal to accept Soviet citizenship (1943) were repressed, and the arrested Poles, like other deported nationalities, went through difficult days.

**Keywords:** Poles, republic, deportation, totalitarian system, punished nations

**Кіріспе.** XX ғасырдың оң бойында Қазақ елінің аумағына көптеген ұлттарды көшірудің күрделі үдерісі жүрді. Советтік биліктің жүргізген саясаты бойынша «сенімсіз» деп танылған ұлттар мен тұтастай халықтарды депортациялау салдарынан туып өскен мекенінен мүлдем ерекшеленетін жерлердегі күнделікті өмірі мен бейімделу тарихы бүгінгі күні өзекті.

Советтік биліктің жүргізген ауыр қылмыстар санатындағы еркінен тыс жер аудару үрдісі көптеген этностардың этно-әлеуметтік және территориялық тұтастығын жою тұрғысынан жасалған әрекеті еді. Мәжбүрлі түрде күш қолдану арқылы жер аударылған поляктарды ұлттық болмысынан айыруға әрекет жасалды. Поляктардың біздің республикамызға еркінен тыс жер аударылуы туралы зерттеулер ауқымды, алайда олардың күнделікті өмірі мен бейімделу мәселелері әлі де толықтай зерттелмеген. Мақалада бүгінгі күндегі тақырыптың өзектілігін ескере отырып, республика аумағына депортацияланған поляк-тардың күнделікті өмірі мен бейімделуі мәселелерін зерттеуді басты мақсат

етіп алдық. Қазақстанға депортацияланған поляктар қатал климаттық жағдайда елсіз мекендерге қоныстандырылып, сол жерге бейімделуде және күнделікті өмірде қиын жағдайларды бастарынан өткізді. Олар ауыл шаруашылығын-да, көмір шахталарында және кең орындарындағы ауыр жұмыстарға жегілді.

КСРО-да жүргізілген сталиндік тоталитарлық идеология салдарынан Қазақ елі аумағына жиырма-сыншы ғасырдың 30-50-ші жылдары көптеген ұлттар мен жекелеген халықтар саяси репрессиялау мен күшпен жер аударылды. Қазақ елін екінші Отаны санайтын, кезінде бірнеше толқынмен республикамызға жер аударылған поляктардың тарихи тағдыры жайлы жазылған Отандық және шетелдік зерттеулер негізінде жарияланған еңбектер аз емес. Алайда, күшпен жер аударылып жазаланған халықтардың көшірілген жерлерге бейімделу мен күнделікті өмір тіршілігі мәселелерін байланысты М.Қ.Қойгелдиевтің басшылығымен «Айтылған тарих» орталығының ұжымдық жинағы, Ванда Иксанскаяның, Б.Загурский-дің естеліктері, Ю.Шаповалдың, Н.Кубиктің және т.б. жер аударылған поляктар туралы мақалалары және поляк азаматтары мен олардың ұрпақтарының интернет сайтына жариялаған естеліктері ғылыми айналымға енді.

**Методология.** Тақырыпты зерттеуде жазылған естеліктер, баспасөз материалдары мен архив құжат-тарын және ғылыми зерттеу материалдарын салыстыра зерттеу әдісі пайдаланылды. Тарихи оқиғаларды зерттеу барысында саралау, талдау және қорыту, тарихи-салыстырмалылық, жүйелік сынды зерттеу тәсілдері қолданылды. Советтік билік кезінде аз ұлттар мен этностарды еркінен тыс, күш қолдану арқылы жер аудару саясатына қатысты қоғамтанушы ғалымдардың еңбектеріндегі көзқарастарға сүйене отырып, талдау жасалды. Зерттеу барысында кеңестік қуғын-сүргін саясаты тәуелсіздік тұрғысынан талданып, бүгінгі Қазақстанды мекендеуші ұлттардың жарасымдық пен бірлік тұрғысында өмір сүріп отырғандығы қамтылды. Тарихи құндылықтар мен жалпы адамзаттық қоғамдық қатынастар негізінде, қоныс аударған поляктардың Қазақстанға келу себептері, орналасуы және күнделікті өмірі және бейімделуі, еңбекке араласу негіздері туралы мәселелерге жан- жақты талдау жасалды.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Совет елінде саяси, әлеуметтік-экономикалық, таптық, этникалық немесе идеологиялық принциптер бойынша тұрғындарды мәжбүрлі түрде қоныс аудару ауқымды түрде өткен ғасырдың отызыншы жылдарына дейін жүргізілген емес. Сталиндік дәуірде жүргізілген саясаттың құрбандығына ұшырап, қаншама ұлттар мен тұтастай халықтар өздерінің туған жерінен күшпен жер аударылған халықтардың саны алпыстан асады. Олардың қатарында поляктар, немістер, корейлер, эзирбайжандар, қарашайлар, ингуштер, шешендер, месхеті түріктер, татарлар, ирандар, күрттер, гректер, және т.б. ұлттар болды. Республика территориясына еркінен тыс жер аударылған поляктар Кеңес үкіметінің қаулы, қарарлары және ұлт саясатын жүргізудегі өктем әрекеттері бойынша жүргізілді. Бүгінде екінші отанында тұрақтап қалған поляктардың өткен тарихының көлеңкелі беттеріне көз жүгіртсек, олар кезінде күштеп қоныс аударылғандар және олардың ұрпақтары. Поляктар Қазақстан аумағына II Дүниежүзілік соғысқа дейін және соғыс жылдарында бірнеше толқынмен еркінен тыс жер аударылды. Жер аударудың бірінші кезеңі 1936 жылы орын алды, сол кездегі Польшамен мемлекеттік шекара бойында 800 метрлік жолақта тұратын немістер мен поляктар қоныс аударуға мәжбүр болды. 1936 жылы поляктар мен немістерді көшіру екі кезеңге, алғашқысы маусымда, кейінгісі қыркүйекте іске асырылды. Маусымда 35820 поляктар көшіп келді, оның ішінде 23234 жасөспірім балалар болды [1,с.52]. 1936 жылдың қыркүйегінде Украинадан Қазақстанға 14048 отбасы – 63976 адам көшірілді. Көшіп келгендерді орналастырудағы ең ауыр мәселе тұрғын үймен қамтамасыз ету болды [2,37 б.].

Украинадағы Поляк автономиялық ауданы 1925 жылы 21 шілдеде Житомир округінің құрамында (1926 ж. Винницк округі) құрылып, поляк коммунисті Юлиан Мархлевскийдің (1866-1925) есімі беріледі. Аудан орталығы Довбиш елді мекені (Житомир облысы, Баранов ауданы) атқарады. Мекенге сонынан Мархлевск атауы берілді. Әкімшілік-аумақтық тұрғыдан бөлінген 25 ауылдық кенестерге бөлінген болса, олардың - 21 поляк, 2 - украин, 2 - неміс кенестері болды. Жүргізілген 1926 жылғы санақ бойынша ауданда тұратын адамдар саны - 40 577, олардың: 69,83% - поляктар, 18,36% - украиндер және 6,91% - немістер құрады [3,с.53.]. Украинада Мархлевский атындағы поляк ұлттық автономиялық аудан, ал кейінірек Белоруссиядағы Держинский атындағы поляк ауданы жойылды. Негізінен Батыс Украина және Батыс Беларусь территориясынан 1940 жылдың ақпанынан 1941 жылдың мамырына дейін 309-321 мың поляк азаматы жер аударылды [4, с.130]. Украинадан қоныс аударылған поляктар мен немістердің үстінен қойылған бақылау қатал болды. Жер аударылған поляктардың басым бөлігі қазіргі Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында орналасты, оларда алғашқы қоныстандырған осы нүктелерден бірқатар: Андреевка, Лозовое, Первомайка, Камышенка, Зеленый Гай, Петровка, Ключи және т.б. ауылдар пайда болды. Республика аумағына жер аударылған поляктар естеліктерінде, олардың сол кездегі жағдайы туралы мәліметтер берілген. Мәселен, Б.Ф. Загурский өзінің естелігінде

жер аудару туралы хабарланғаннан кейін, жиналуға 1-2 күн уақыт беріліп, адам құрлы көрмей, мал таситын вагон-дарға тиіп, қазақ даласына, бізге айтқандай «мақта өсетін елге» алып келді. Оларды елді мекендерге емес, елсіз, ұшы қиыры жоқ айдалада құдық және жерге қадалған қазықта «№ 14 нүкте» деген жазуы бар жерге алып келді [5, с.146]. Мал және тауар таситын поездармен бірнеше апталар мен айларға созылған ұзақ жол жүру азабы ауыр болды. Осындай азапты ауыр жолдарда қарттар мен сәбилер көптеп қайтыс болды.

Қазақстан территориясына еркінен тыс арнайы қоныс аударылғандар: тұрғын үймен, жұмыспен, азық-түлікпен қамтамасыз етілмеді және тағы басқадай тұрмыстық мәселелері шешілмеді. Аталған мәселелер қоныс аударушылардың статусы мен жергілікті биліктің оларға деген сенімсіз көзқарасынан туындады. Оларға көрсетілетін медициналық қызметтің төмен дәрежеде болуы және санитарлық таза-лықтың сақталмауы салдарынан түрлі аурулардың тарауына және қоныс аударушылардың арасында өлім-жітімнің көп болуына әкеп соқтырды. Мәселен, тек Украин КСР-нен 1936 жылы қоныс аударғандар арасында мынадай аурудың түрлері тіркелген: «қызылша (корь) – 2 283 рет, скарлатина – 140 рет, тиф – 45, асқазан аурулары – 3 189. Қызылша (корь) ауруынан 669 адам, скарлатинадан 38 адам қайтыс болған [6, с.15].

Юлия Шаповалдың далалық материалдары негізінде жинаған деректерінде республиканың солтүстігіне жас баласымен жер аударылған қарт ана поляктардың депортацияланғанына 80 ж. орай өткен кездесуде сөйлеген сөзінде Қазақстанға арнайы қоныс аударылушылардың ауыр өмірінің қилы тарихына тоқталды. Ол: «Арамыздан 1937-38 жылдары ер адамдарды жаппай алып кетті, оның себебін кейін білдік, оларға Польшаның пайдасына антисоветтік қызмет жасады деп айып тағылды. Ал қалған ер адамдар, қарттар мен балаларды қазақ жерінің солтүстігіне жер аударды. 1937 жылы тың далаға алғашқы атыз жүргізіп, ұжымшар ұйымдастырылып, бидай өсірдік. Адамдар осы қатал аймаққа тамыр жая бастады. Бірақ содан кейін соғыс басталды. Поляк және неміс ұлтының ер азаматтарын еңбек армиясына Қарағандыға шахтаға алып кетті, тек әйелдер мен балалар қалды. Алайда ауыр тұрмыс пен қиындыққа қарамастан бидай өсіру, мемлекетке астық тапсыру, армияны тамақтандыру керек болды. 1942-1944 жылдары аштық және іш сүзегі мен дизентерия эпидемиясы болды. 1943 жылы өте қиын болды, мемлекетке жоспарланған астық өткізу және әр қосалқы шаруашылықтан ет, жұмыртқа, салығын тапсыру керек болды ... 1954 жылдан бастап тың игеру басталған кезде, тың игерушілер сияқты, еңбек күндеріне ақша бере бастады. 1956 жылдан бастап поляктар арнайы комендатурадан босатылды [7, с.50].

Поляк ұлтының азаматы Ковель ауданы Волынь қаласында тұрған Станислав Стыковскидің ата – анасы және туған бауырларымен 1939 жылы 10 ақпанда НКВД-ның қарулы қызметкерлері үйлеріне баса көктеп кіріп, бір сағат жиналуға уақыт берген. Оларды Архангельск облысы Нянди поселкесіне жер аударды. Станислав өзінің әңгімесінде: «...Бізді Сібірден тауар вагонымен алып келе жатқанда, жолда поезд станцияға тоқтаған кезде майданға аттанып бара жатқан жауынгерлерден нан сұрадым. Маған екі жауынгер берген екі нанды анам мен қарындасыма алып келдім.... Бізді Оңтүстікте Созақ ауданы Қызыл қанат совхозына алып келді. Анам жалғыз өзіне бізді асырау қиын соққандықтан 1942 жылы күзде Нина мен мені Шолаққорғандағы балалар үйіне берді. Біздің отбасымызға 1944 жыл ауыр болды, азық-түлік жетіспей, бізге күніне бір тілім нан мен быламық берді. Елде сүзек ауруы тарады, ақпанда мен іш сүзегі-мен ауырдым, содан кейін анам мен Джозеф, Янина да ауырды. Елде аштық болды, біз қырға барып, сарымсақ іздеп, шикі жидек жедік, кірпі, тасбақа және кей жағдайда итті сойып, отқа қақтап жедік. 1946 жылы 3 наурызда біз Польшаға оралдық» деп, өзінің басынан өткен қиыншылықтар туралы айтты [7].

Қазақ елінің аумағына 1940 жылы кеңестік биліктің құжаттарында көрсетілгендей поляктардың «осадниктер», әкімшілік жолмен жер аударылғандар, босқындар деп аталатын түрлері болды. Польшада жергілікті тұрғындарға қатысты осадниктер белгілі бір полицейлік қызметтер атқарды, олар КСРО-да «еңбекші халықтың қатерлі жаулары» деп есептеліп, отбасыларымен бірге КСРО-ның түкпір-түкпір-леріне көшірілді. Олардың негізгі бөлігі поляктар болғанымен, олардың ішінде еврейлер, украиндар, белорустар, немістер және басқа да ұлт өкілдері де молынан болған, яғни олардың ұлттық құрамы біркелкі болмады. Сонымен қатар Қазақстанда Польшаның қуғын-сүргінге ұшыраған офицерлері мен басқа да шенділердің шамамен 66 мың отбасы мүшесі айдауда болды [9, с.156]. Ольчик Ванда (1927-2002 жж.) 1940 жылы Украинадан Ақтөбеге жер аударылған. НКВД қызметкерлері күш қолдану арқылы туған жерінен көшіруге наразы болғандығына қарамай мал таситын вагон ішіне жер аударылатындарды күшпен кіргізген екен. Ванда естелігінде: «...кенеттен вагонның есігі ашылып, қолында баласы бар әйелді кіргізеді. Бірнеше минуттан кейін әйел – Менің Янечкам қайда, менің Янечкам деп, айқайлай бастады Бірнеше минуттан кейін НКВД қызметкері есікті ашып, міне сіздің күшігіңіз, деп кішкене қызды құды бір мал сияқты итеріп кіргізді. Бір вагонда жетпістен астам адам

болды. Жолда тоқтаған аялдамаларда адамдармен бірге вагондар да тіркелді. Вагон ішіндегі адамдар жол-жөнекей біреулері дұға жасаумен, біреулері қыңсылап жылаумен, және ыңырсып жылаған дыбыстар да естілді. Жол бойы тоқтаған тұрақ-тарда НКВД адамдары есікті ашып, фамилияларды жазып, өлгендер бар ма? деп, сұраумен болды. Егер қайтыс болғандар болса, станцияда вагоннан шығарып тастап, темір жол бойына жерлеп кеттіп жатты» [8].

1940 жылы 13 сәуірде Белосток воеводствосының Щучин қаласынан әкелінген Галина Гурская өзінің естелігінде, бізді тиеген эшелон 29 сәуірде Павлодар станциясына келді. Мындаған поляктар Ертіс жағалауына түсірілді. Жалаңаш жерде, өңменінен өтетін суық желдің өтінде олар үш күнді өткізді. Тек 3 мамыр күні оларды аудандарға бөлді. Сегіз жасар Галинаның отбасын ата-аналарымен және бауырлар Куйбышев ауданы «Ақкөл» совхозына әкелді. Олармен қатар Украинаның Хмельницкий облысынан жер аударылған Галина Станиславовна Панасенконың ата-анасымен бірге Ақмола облысы Шортанды ауданы Андреевкаға жіберді. Ол естелігінде бұл отбасын жерден қазылған жергөлеге жіберді. Жол жөнекей қатты шаршаған және аштықтан өлім аузында болған бұл отбасын жергілікті қазақтар көмек берді. Сонымен қатар жергілікті тұрғындар 1940 жылы облысы жер аударылған И.А. Смакотинаның отбасын аштықтан құтқарды. Оларға қазақ көршілері бірі айран береді, екіншісі «нан» беріп, өлім аузынан құтқарды. Ресми түрде, бұрынғы поляк азаматтары эвакуацияланған деп саналды, бірақ іс жүзінде құқықтары шектеулі болды. Арнайы көшірілгендер пайдалануға міндетті елді мекендерде олар үшін белгіленген тәртіп пен қоғамдық тәртіпті сақтау және НКВД арнайы комендатурасының нұсқаулары мен бұйрық-тарына бағыну міндеттелді. Бұзықшылық жасағандарға айыппұл салынды немесе қамауға алынды. Өз еркімен қоныстанған жерінен кетіп қалса, қашу ретінде және қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Мысалы, Гавенда Збигнев Франчишкович жер аудару орнынан қашқаны үшін (қазіргі Теренкөл аудан) 30 желтоқсан 1940 ж. КСРОның НКВД шешімімен 5 жылға сотталып, еңбекпен түзеу лагерлеріне жіберілді [10,с.19-20].

Волынская облысынан (бүгінде Украина) 1941 жылы Сібірге жер аударылып, кейін Оңтүстік Қазақстандағы Шолаққорған, Ащысайда болған поляк ұлты Тадеуш Кульчик (1930 ж. т.) соғыс жылдарында Ащысай руднигінде жұмыс істеген әйелдер еңбегіне байланысты естелігінде: «Жер асты шахтаның тоғыз және он бірінші қабаттарында жұмыс істеу ең қорқынышты және ауыр болды. Ол қабаттарда үнемі жер асты суы тасып кететін. Тасыған сулар шахтада жұмыс істейтін адамдардың басына құйылып кететін жағдайлар көп болды. Соған орай үнемі жұмыс істеп тұрған насостың дауысы қатты гүрілдеп шығып тұратын. Бұл жерде апат көп болды және көптеген адамдар электр тоғының салдарынан қайтыс болды. Олардың жұмыс барысындағы түрлері сұп-сұр болып, тірі өлікке ұқсап кететін. Өйткені жоғарыда көрсетілген үреймен қатар улы газ болатын. Әйелдер руда өндіретін шахталарда да жұмыс істеді» деген мәлімет береді [11,78 б.].

Әйелдер мен кәмелеттік жасқа толмаған балалар ауыл шаруашылығы мен қатар шахталар мен рудниктердегі ерлер атқаратын ауыр жұмыстарға тартылып өмір мен өлім ортасында жұмыс істеді. Көп қиыншылықтар көрген поляктардың күнделікті өміріндегі материалдық ауыртпалықтар мен қиындықтары олардың ана тілінде сөйлеу, діни рәсімдері мен ғұрыптарды еркін түрде ұстану мүмкін болмады. Сол кезде жүргізілген кеңестік саясат пен мемлекеттің атеистік идеологиясы жағдайында мұның бәріне тыйым салынды, бұл жағдай олардың ұлттық бірегейлігін сақтауға кедергілер жасап, көп қиындықтар тудырды [7,с.57].

II Дүниежүзілік соғыс жылдарында депортацияланған поляктарды Қазақстан аумағына қоныстандыру салдарынан республикадағы поляктардың саны артты. ПХК анықтамасы бойынша 1942 жыл басында Қазақ КСР-де поляктардың саны 103 757 болды [12]. Республиканың облыстары бойынша: Оңтүстік Қазақстан облысына - 25 998 адам; Жамбыл облысына – 22 051 адам; Солтүстік Қазақстан облысына – 12 362 адам; Қостанай облысына – 5317 адам; Павлодар облысына – 9233 адам; Семей облысына – 9000 адам; Ақтөбе облысына – 5646 адам; Шығыс Қазақстан облысына – 454 адам; Алматы облысына - 184 адам; Қызылорда облысына – 1000 адам; Қарағанды облысына – 373 адам; Гурьев облысына – 187 адам; Батыс Қазақстан облысына – 159 адам; Ақмола облысына – 7793 адам қоныстандырылған [13]. Қайсы бір ұлтты алсаң да, өзге елге келіп қоныс аударуы, тіпті таныс емес, беймәлім ортаға келіп сіңісіп кетуінің өзі өте қиын болды. Еркінен тыс арнайы қоныс аударылғандарға арнап салынған тұрғын үй жетіспеді, салынған үйлердің қанқасы болғанымен қақаған аязда жылуы жоқ болды. Салынатын үйлер түрлі сылтаулармен белгіленген уақытында бітпей қалуы нәтижесінде жер аударылғандар жер төлелерде, мал қораларда, барақтарда, ескі моншалар мен қираған ғимараттарда тұруға мәжбүр болды. Азық-түлік тапшы болды, әрі жетіспеді, әсіресе Созақ ауданында орналасқан жеке қожалықтарда бұл мәселе шешілмеді. Кооператив ұйымы арнайы қоныс аударылғандарды азық-түлікпен, күнделікті тұтынатын заттармен, нанмен қамтамасыз етумен шын мәнінде мүлде айналыспады [14]. Жер аударылған поляктар коменданттық режимде болды, олар тұрғылықты

мекеннен кетуге рұқсат етілмеді және екі аптада бір рет комендатурада белгіленіп тұру керек болды. Поляк Загурский НКВД комендатура-сының қадағалауымен кету құқығынсыз «арнайы қоныс аударушылар» ретінде қорлыққа ұшыраған жиырма жылдық ренішін айтады. Ауыр тұрмыстық жағдайларына қарамастан адамдар жер төлелер қазып сол жерде бірнеше отбасы болып өмір сүріп, қатал жағдайларда жер аударылған жерге бейімделуге мүмкіндігінше тырысып бақты [5, с.186].

Кеңестік тоталитарлық жүйе олардың біртұтастығынан айырып, олардың тағдырына орны толмас қасірет алып келді. Славяндардың батыс тобына жататын осы ұлт өкілдерінің саны 1989 жылғы санақ бойынша республика аумағында 60 мың адам шамасында болдығанын ескерсек, қазіргі күнде 51 мыңдай поляктар тұрады [15].

1944 жылы желтоқсанда КСРО-ның Польшамен одақтастық қатынастарының орнауымен поляктарды қоныс аудару іс жүзінде тоқтатылды. Репатриация процесі басталады. Жалпы, 1945 жылғы 17 маусым-дағы мәліметтер бойынша, лагерлер мен түрмелерде шығу тегі бойынша поляктарға жататын 25047 адам болған. Л.П. Берия неміс армиясының құрамында тұтқынға алынған поляктарды лагерьлерден ішінара босату туралы өтінішпен И.В. Сталинге жүгінді [16, с.217]. 1945 жылғы 6 шілдедегі поляк-кеңес репатриация жөніндегі келісіммен Қазақстаннан кеткен поляк азаматтары еліне кетуге рұқсат берілді. Алайда, аталмыш келісімге Қазақстандағы поляктардың барлығы жатпады. Қазақстанға XX ғасырдың отызыншы жылдары жер аударылып келген поляктарға, бұл жарлық оларды «Кеңес Одағы азаматтары» қатарында деп есептеліп, оларға қатысты болмады [17, с.230]. Сонымен поляктардың бәрі қайта қоныс аудармады. Ұлты поляк екендігін растайтын құжаттары болмаған жағдайда, денсаулығына байланысты және лагерьде болған, 1943-1944 жылдары «екінші лекке» тап болғандар, сондай-ақ Қазақстанға отбасын алып кету үшін келіп, қайта алмай қалған әскерилер реэмиграцияға рұқсат алмаған. Соғыстан кейінгі жылдары арнайы қоныс аударушыларды репатриациялау бойынша бірнеше акция өткізгеніне қарамастан, бұл құбылыс И.В.Сталин қайтыс болғаннан кейін ғана жаппай жүзеге асады. 1954 жылдан бастап басқа арнайы қоныс аударушылар сияқты, поляктарды да есептен шығара бастайды, әрі қарай оларға орын ауыстыру еркіндігін берілді. 1960 жылға дейін жер аударылған поляктардың басым бөлігі Польшаға оралды [18,с.13]. Бүгінде Қазақстанда тұратын поляк азаматтары Константин Гузовский өзінің естелігінде мен кішкентай кезімде ата-анам үйде поляк тілінде сөйлейтін, бірақ ол кезде тыйым салынған. Анам біреудің терезе астында жүретінін және тыңдайтынын сезгендіктен, қорқып кетіп, жылап жіберді, содан кейін олар бір-бірімен және менімен тек орыс тілінде сөйледі", – деп еске алды. Ал Татьяна Славецкая, Алматы қаласындағы "Więź" поляк мәдени орталығының төрайымы, ата-анасынан поляк тілін үйрене алмады, өйткені олар қазірдің өзінде тілді білмейді. Өйткені оның әжесі мен атасы өз балаларының поляк тілінде сөйлесе өздерінің басынан өткендей бір нәрсеге душар болуы мүмкін деген оймен орыс тілінде сөйлегенің қалады [10, с.19-20].

Поляктар жасырын пәтерлерге жиналып орталарында болған жеке әңгімелерде ауыр тұрмыстық және материалдық жағдайлары және олардың еркін жүріп тұруына тыйым салынуы туралы кеңес мемлекетінің әкімшілік ережелеріне наразылықтары және т.б. туралы әңгімелер айтатын. Бақытсыздыққа ұшыраған поляктар бір-біріне моральдық қолдау көрсете отырып, біріне-бірі қол ұшын беріп, бірге болуға тырысты.

КСРО-да кеңестік биліктің сталиндік жүйесі жүргізген халықтарды жаппай күштеп депортациялау мәселесінің жаңаша өлшемдерде қаралуының жаңалығы, қазіргі ұлттық саясаттағы бетбұрыс, тарихи жадының өркениеттік парадигмасын қалыптастыру бағытында тегі жағынан жақындарын жинақтау мәселесін күн тәртібіне қойды. Мәселен, 2018 жылы Ұлыбританиялық жазушы Майкл Сагадис Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивіне келіп, әжесі Юзефа Буйдо туралы мәлімет тапқан. Оның әжесі 1940 жылы Белоруссиядан Ақтөбе облысына депортацияланған. Майкл Сагадис әжесі туралы мәліметтер жинақтау мақсатында Польша делегатурасының 1941-1943 жылдардағы құжаттармен танысты. Ол өзінің үйінен әжесінің ата-анасына жазған хатын тауып алған. Хатта әжесі Қазақстанның Ақтөбе облысына жер аударғандығы және өмірі өте қиын, көмек сұрағандығы жазылған екен. Ол архивтен әжесінің Қобда ауданы Шибаевка ауылында отбасын құрып, сонда жерленгендігі туралы мәлімет тапты [19]. Өздерінің өткен тарихын түгендеу мен бүгінде екінші Отанына айналған поляктар туралы олардың ұрпақтары Қазақстан архивтерінен өз ұлты мен туған, туыстарының тарихи тағдырларына байланысты жиналған материалдар бойынша естелік кітаптар шығарып интернет сайттарында материалдар жариялануда.

Келесі естелікті Лубэл облысы, Томашув ауданынан әуелі 1940 жылы Сібірге, 1941 жылы желтоқсанда бүгінде Түркістан облысы Созақ ауданы Калинин колхозына жер аударылған Наливко Хэлена (1923 ж.т.). Шолаққорған елді мекенінің жанындағы Калинин колхозында қоныстандырған. Бір күндік нанымыз бен ас ауқатымызды табу үшін, таңның атысынан күннің батысына дейін еткен еңбек ақысына 100 -200 гр грамм ұн берілген, олар ет, сүт, жеміс дегенді білмеді. Бір күні оның отбасындағы мүшелерінің бәрі кешке қарай айналаны анық көре алмайтындай (курунная слепота) ауруға ұшырады.

Анам Шолаққорғанда ұлты орыс шаштаразы отбасымен таныс еді, олардың анасы медбике болып жұмыс істетін. Анам болған мән жайды айтып көмек сұрағанда, шаштараз өздері сойып жеген иттің бауырын береді. Анам бізге сол бауырды пісіріп берді, сол ақ екен, біздің көзіміз кешке жақсы көріп, ауруды ұмыттық. Ал 1942 жылы Шолаққорғанда болған іш сүзегі ауруымен менің әпкем Ядзе ауырды. Ол он күн ыстығы көтеріліп, ес түссіз жатты, алайда оны емдейтін дәрі - дәрмек болмады. Ол уақыт өте жазыл-ғанымен бұрынғы қалпына келе алмады. Сол жылы көп поляктар сүзек ауруынан қайтыс болды. Біз жаз айында колхоз даласында жұмыс істедік. Ер кісілердің барлығы дерлік соғыста болды, ал колхоздың ауыр жұмысын қарттар мен әйелдер және жас өспірім балалар істеді. Мақта тердік және екен егісті жинадық. Бірақ сол кезде аштықтан, аурудан, өмірдің қиыншылығынан көп адамдар қайтыс болды. Аштан өлместің қамымен біз колхоздан тауық, астық ұрлап үйге алып келдік. Біздің отбасымыз отанымызға қайтамыз деген үмітпен өмір сүрді. Біз үнемі аш болдық, біздің үйдің айналасында өскен шөптерді қорек еттік. Әкем кейде алып келеген (200-300 гр) ұннан анам пісірген наннан үзім ған берді. Осылай айлар, жылдар өтті. Біз Польшаға қайтқанан кейін сүзекпен ауырған әпкем 1947 ж. қайтыс болды [20, 216-224 бб.].

### **Қорытынды.**

Совет елінде жаппай репрессия мен депортация жылдарында Қазақстан республикасы территориясына еркінен тыс жер аударылған халықтар ауыр тауқыметті бастарынан кешірді. Жер аударылған халықтармен бір шаңырақтың астында өмір сүрген қазақстандықтардың да Совет елінің тоталитарлық, ұлттық саясатына сыни, қарама-қайшы көзқарастарын қалыптастырды.

Көп қиыншылықтар көрген поляктардың күнделікті өмірінде бастарынан өткен ауыр материалдық жағдайлары мен ауыр жұмыстарға тартылған қиындықтарымен қатар олардың ана тілінде сөйлеуге шектеу қойылуы және діни рәсімдері мен ғұрыптарды еркін түрде тұтынуына мүмкін болмады. Сол кезде жүргізілген кеңестік саясат пен мемлекеттің атеистік идеологиясы жағдайында мұның бәріне тыйым салынды, бұл жағдай олардың этникалық бірегейлігін сақтауға қиындық тудырды.

Қазақстанның қазіргі көпұлтты халқының бірегейлігін қамтамасыз етуге бағытталған саясаты және мемлекеттің толеранттылық мүддесінің ашықтығы жағдайында, мұнда өмір сүріп жатқан әр түрлі ұлттар тағдырының қаншалықты бағдарлы екендігін пайымдауға болады. Украина, Белоруссия, Балтық бойы елдерінен, Польшадан бірнеше толқынмен жер аударылған поляктардан басқа еуропалық аумақтардан, кеңестік жүйенің азиаттық, кавказдық шекаралық аумақтарынан күштеп қоныс аударған халықтарға пана болған Қазақстан, әлі күнге дейін көп ұлттылық мүддесінде тұғырлы.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Полян П.М. *Не по своей воле... История и география принудительных миграции в СССР.* – М., 2001. – С. 90.
2. Көкебаева Г.К., Сманова А.М. *Қазақстан - Польша; тоғысқан тағдарлар.* – Алматы: 2012. - 208 б.
3. Artur Kijas, *Polacy w Kazachstane Przeszlosc I terazniejszosc.* Wydawnictwo Abos: Poznan. 1993. - S 95.
4. Гурьянов А.Э. *Польские спецпереселенцы в СССР в 1940-1941 гг.-с. 114-137//Репрессии против поляков и польских граждан / Сост. А.Э. Гурьянов // Исторический сборник «Мемориала». Вып. 1.– Москва: Звенья, 1997. – С.256.*
5. Загурский Б. *Семейная сага. Память.* - Астана. 2011., - С. 260.
6. Абуов Н. А. *Депортация народов в Казахстан в 1936-1957 гг. (на материалах Северо-Казахстанской и Кокчетавской области).* Автореф. диссертации на соискание ученой степени кандидата ист. наук. - Караганда, 2008. – 30 б.
7. Шаповал Ю. *Этничность и религия у депортированных народов (на примере поляков в Казахстане) //Эл - Фараби әлеуметтік - гуманитарлық зерттеу журналы. - Алматы., -2016., № 3 (55). – С. 47- 61.*
8. *Рассказ о судьбе Станислава Галки и его семьи//составили Марта Бень Мендзылесе А.Т., перевод Кобринь Е., - Мендзылесе. - 2005. [http://sybiracy.bystrzyca.pl/materialy\\_ru/galka.html](http://sybiracy.bystrzyca.pl/materialy_ru/galka.html) (Айналым күні 12.03.2023).*
9. Земсков В.Н. 1994. *Принудительные миграции из Прибалтики в 1940–1950 гг. //Отечественные архивы. 1993, - №1; Спецпоселенцы (1930–1959 гг.) //Население России в 1920–1959 гг.: численность, потери, миграции. Сб. –Москва, 1994. - С.156.*
10. Кубик Н.А. *Не все вернулись домой... Из истории депортированных в Павлодарскую область // Almatyński Kurier Polonijny. - Алматы., 2021., - №1(31). –С.-19-22.*

11. Мырзатаева З.М. Ащысай – Кентау тарихынан: өлкетану курсына кіріспе. Оқу құралы. - Алматы: Арыс баспасы. 2020. – 184 б.
12. ҚР ОМА Қ.1146, Т.1, ІС 287, П.9
13. ҚР ОМА Қ.1146, Т.1, ІС 287, П. 267
14. ТОМА Қ.121. Т.6. ІС 9, П.11
15. Кабушев Б.Ж., Кабушева Л.Ж. Қазақстанға арнайы қоныс аудару саясаты// Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2017. - № 4(08). // <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/568/> (Айналым күні 14.12.2023).
16. Иосиф Сталин – Лаврентию Берии: «Их надо депортировать...»: документы, факты, комментарии. - Москва, 1992. -С. 288.
17. Кияс А., Наказанный народ // В степи далекой. Поляки в Казахстане. - Познань, 1997. -144 с.
18. Земсков В.Н. Спецпоселенцы (по документации НКВД – МВД СССР) // Социологические исследования. 1990. - № 11. - С. 3–17.
19. Ешмұратова Б., Депортация тарихы архив құжаттарында// <https://aqtobegazeti.kz/?p=76293> (Айналым күні 06.11.2020).
20. Қойгелдиев М.Қ. Ащысай – Кентау тұрғындарының өміріндегі әлеуметтік-мәдени бірегейлік. Естеліктер мен тарихи сұхбаттар жинағы / Құрастырушылар М.Қ.Қойгелдиев, Т.Исанский т.б. – Алматы: ИП «Балауса», 2019. -392 б., -199-226 бб.

#### References:

1. Polán P.M. Ne po svoei vole... Istorija i geografija prinýditelnyh migrasii v SSSR. – М., 2001. – С. 90.
2. Кóкебаева Г.К., Сманова А.М. Qazaqstan - Polsha; тоғysқан тағдарлар. – Алматы: 2012. -208 б.
3. Artur Kijas, Polacy w Kazachstane Przeszlosc I terazniejszosc. Wydawnictwo Abos: Poznan. 1993. -S 95.
4. Гурьянов А.Э. Польские спецпереселенцы в СССР в 1940-1941 гг.-с. 114-137.//Репрессии против поляков и польских граждан / Сост. А.Э. Гурьянов // Исторический сборник «Мемориала». Вып. 1.– Москва: Звенья, 1997. – С.256. Guryanov A.E. Emigrantes Poloni ad URSS in 1940-1941gg. - S.114-137.// Repressio contra cives Polonos et Poloniae / Sost. A.E. Guryanov // Collectio historica "Memoria". 1.- Moscova: Zvenya, 1997. - S. 256.
5. Zagýrskii B. Semeinaia saga. Památ. - Astana. 2011., - S. 260.
6. Abuov N.A. Deportasiia narodov v Kazahstan v 1936-1957 gg. (na materialae Severo -Kazahstanskou, Kokhsetavskom oblasti). Aftoreferat. diss. Na soiskanie yheno stepeni kandidata hist. nauk. Karaganda, 2008. - S. 30.
7. Shapoval Iý. Etnichnos i religia ý deportirovannyh narodov (na primere polákov v Kazahstane //Ál - Farabi áleymettik - gymanitarlyq zertteý jýrnaly. - Алматы., -2016., № 3 (55). – 47 - 61bb.
8. Rasskaz o syýdbe Stanislava Galki i ego semi//sostavil Marta Ben Mendzylese A.T.,perevod Kobrin E., - Mendzylese., - 2005. [http://sybiracy.bystrzyca.pl/materialy\\_ru/galka.html](http://sybiracy.bystrzyca.pl/materialy_ru/galka.html) (Analým kúni 12.03.2021).
9. Zemskov V.N. 1994. Prinýditelnye migrasii iz Pribaltiki v 1940-1950 gg. //Otechestvennye arhivy. 1993, - №1; Spesposelensy (1930-1959 gg.) //Naselenie Rossu v 1920-1959 gg.: chislennos, poteri, migrasii. Sb. – Moskva, 1994. - S.156.
10. Kýbik N.A. Ne vse vernýlis domoi... Iz istorii deportirovannyh v Pavlodarskýy oblas // Almatýn'ski Kurier Polonijny. - Алматы., 2021., - №1(31). –S.-19–22.
11. Мырзатаева З.М. Ащысай – Кентау тарихынан: өлкетану курсына кіріспе. Оқу құралы. - Алматы: Арыс баспасы. 2020. – 184 б.
12. QROMA. 1146 –q., tizim -1, 287 - is., 9 - p.
13. QROMA. 1146 –q., tizim -1, 287 - is., 117 - p.
14. TOMA. 121 –q., tizim -6, 9 - is., 11 - p.
15. Kabýshev B.J., Kabýsheva L.J. Qazaqstanğa arnaty qonys aýdarý saiasaty// Elektronnyi naýchnyi jýrnal "edu.e-history.kz". – 2017. - № 4(08).// <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/568/> (Analým kúni 14.12.2023).
16. Joseph Stalin - Lavrentiyu Beria: "Th nado deportirovat...": documenta, facta, commenta. - Moscova, 1992. -S 288.
17. Kias A. Nakazannyi narod//V stepi dalekoi. Poláki v Kazahstane. - Poznan, 1997. – S.144.
18. Zemskov V.N. Spesposelensy v SSR, 1930- 1960. – Moskva: Naýka, 2005. – 306 s.
19. Eshmuratova B., Deportasiia tarihy arhiv qujattarynda// <https://aqtobegazeti.kz/?p=76293> ( Analým kúni 06.11.2023).



20. Qoigeldiev M.Q. *Ashysai – Kentay turgyndarynyñ omirindegi aleymettik-mademi biregelik. Estelikler men tarihi suhbattar jinağy/ Qurastyryshylar M.Q.Qoigeldiev, T.Isansku t.b. – Almaty:IP"Balaysa", 2019. -392 b., -199-226 bb.*